Автор: Акпанбетова Айдана Кайратовна
Пән: География
Сынып: 8-сынып
Бөлім: Әлеуметтік-экономикалық ресурстар
Тақырып: Экономикалық инфрақұрылым элементтері және функциялары

Сабақтың мақсаты	Экономикалық инфрақұрылым элементтерін түсініп, біледі. Экономикалық инфрақұрылым элементтерінің маңыздылығын талда алады. Экономикалық инфрақұрылымдағы қазақстандық компоненттердің қолданылуын анықтайды.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	**Жоспарланған іс-әрекет**	**Ресурстар**
Сабақтың басы (3 мин.)	Психологиялық ахуал. «Ұшақтар» түрлі-түсті ұшақтарға жылы лебізін жазып бір-біріне ұшыру. Топқа бөлу. Ұшақ түстеріне қарай екі топқа бөлу.	
Сабақтың ортасы (30 мин)	**Тақырыпты ашу**. Жаңа сабақтың тақырыбын бейнебаян көрсету арқылы ашу. (3 мин) (М) Интерактивті тақтаның көмегімен сабақтың тақырыбын, сабақ мақсаты мен бағалау критерийлерін оқушыларға таныстыру. (5 мин) **1-тапсырма:** Топтық жұмыс. «Көлік» және «Байланыс» жүйелері бойынша тірек-сызбаны толтыру. (5 мин) **2-тапсырма: «Инфрақұрылым және қоршаған орта» топтық жұмыс.** Топта талдай отыра кесте толтыру. (7 мин) **№ Инфра-құрылым элементтері 1-топ (пайдасы) 2-топ (зияны)** 1 Көлік 1. 1. 2. 2. 3. 3. 2 Байланыс 1. 1. 2. 2. 3. 3. **3-тапсырма:** «Галерея» жұптық жұмыс. Әр топ itest.kz сайтынан алынған «Қазақстанның көлік кешені» конспектісін топта талдап, «Экономикалық инфрақұрылымдағы Қазақстанның алатын орны» тақырыбында сурет салады. Топтан бір оқушы жұмысты қорғайды. (10 мин)	
Сабақтың соңы (7 мин)	**«Өрмекшінің өрмегі» ойыны.** Жаңа тақырыпты бір-біріне сұрақ қою арқылы бекіту. (5 мин) **"Жетістік баспалдағы» - өзін-өзі бағалау.** Жаңа тақырыпты түсіну деңгейлеріне қарай өздерін баспалдақ бойында орналастырады. (1 мин) **Кері байланыс. Алма ағашы»** - қызыл, жасыл, сары алмалардың ұнағанын таңдап, артына өзінің ұсынысы мен тілегін жазып тақтаға іледі. Үй тапсырмасын беру: Интернет желісін пайдалана отырып, «Қазақстандағы ұялы байланыстың дамуы» туралы қысқаша хабарлама дайындау. (2 мин)	